

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Заң факультеті

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы

IGP 1202 Мемлекет және құқық тарихы

пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B04205- Құқықтану» мамандығы

1 курс, көктемгі семестр, 5 кредит

Алматы, 2021.

6B04205 - Құқықтану мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспарының негізінде жасалынды

Қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған – з.ғ.к., аға оқытушы Мынбатырова Н.Қ.

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«31» 08. 2021 ж. №1 Хаттама

Кафедра меңгерушісі,

з.ғ.д., профессор

Кенжалиев З.Ж.

КІРІСПЕ

Мемлекет және құқық тарихы дүниежүзілік мемлекеттік тарихына едәуір ықпал еткен елдерде мемлекет пен құқықтың пайда болуын және дамуын зерттейді. Жекелеген елдердің мемлекет және құқық тарихының жалпы заңдылықтары мен ерекше белгілері қарастырылып, олардың дамуын анықтайтын негізгі себеп-салдарлы байланыстары зерттеледі. Нәтижесінде, аталған процестердің бүкіл күрделілігі мен қарама-қайшылықтарын ашып көрсетуге сондай-ақ, өз дәуіріміздегі мемлекеттілікті терең ұғынуға және оның жақын болашақтағы дамуының негізгі бағыттарын болжай білуге мүмкіндік беретін жағдайлар қалыптасады.

Мемлекет және құқық тарихы жекелеген елдердің мемлекеттік-құқықтық институттарының тарихын хронологиялық жүйемен төрт негізгі кезең шеңберінде зерттейді: Ежелгі дәуірдегі мемлекет және құқық тарихы, Орта ғасырлардағы мемлекет және құқық тарихы. Жада замандағы мемлекет және құқық тарихы. Қазіргі замандағы мемлекет және құқық тарихы. Кезеңге бөлудің бұл түрі мемлекет пен құқық маңызды құрамы болып табылатын әлемдік өркениеттің дамуының төрт негізгі дәуіріне сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын бақылау оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бақылаудың мақсаты білім алушылардың бағдарламалық материалды меңгеру сапасын анықтау, олардың білімі мен іскерлігін анықтау және түзету, оқу жұмысына жауапкершілікті тәрбиелеу болып табылады.

Қорытынды тестілеудің негізгі мақсаты – курс мазмұнын меңгеру сипаттамасына бағдарланған оқыту нәтижелерін объективті бағалауды қамтамасыз ету. Қорытынды тестілік бақылау бұрын зерттелген барлық ұғымдар жалпыланған тұтас курсты оқып, аяқтағаннан кейін қолданылады. Қорытынды тестілік бақылаудың мақсаты минималды білім деңгейіне қойылатын талаптар мен зерттелетін материал арасындағы сәйкестік дәрежесін анықтау. Қорытынды тестілік бақылау блогы, алдыңғы тест түрлерінен айырмашылығы, орталықтандырылған түрде жасалуы керек, бұл білім алушылардың білім деңгейін нақты бақылауға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, білімді бақылаудың тест әдісі, әдеттегі сабақ әдістерінен айырмашылығы, барлық студенттердің тұрақты жұмысын ынталандырады, сонымен қатар оқытушының субъективті пікірін жоққа шығарады.

Тестілік бақылауды жүргізу кезінде әрбір тестке немесе тесттер блогына алдын ала келісілген уақыт беріледі, бұл тексерілетін материалды білуін ғана емес, сонымен қатар оны игеру дәрежесін (тереңдігін) анықтауға мүмкіндік береді.

Емтихандық тестілеу университеттің ресми ақпараттық-білім беру платформаларында – **Univer АЖ**-да жүргізіледі.

Тестілеуден өтуді бақылау – **онлайн прокторинг**.

Интернеттегі нақты уақыттағы емтиханды веб-камерада университет маманы (прокторинг) және емтихан тапсырушының жұмыс үстелін, кадрдағы адамдар санын, сыртқы дыбыстарды немесе дауыстарды, тіпті көру қимылдарын бақылайтын бағдарлама (киберпрокторинг) қадағалай алады. Аралас прокторинг түрі жиі қолданылады: бағдарлама ескертулерімен емтиханның бейнежазбасын университет маманы қосымша қарап және емтихан тапсыру тәртібін бұзу орын алды ма, жоқ па, соны шешеді.

Тестілеу ұзақтығы:

UNIVER АЖ-да – 40 сұраққа 90 минут.

Прокторинг жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес студенттер емтихан басталардан **30 минут бұрын** UNIVER АЖ-ға кіріп отыруы тиіс.

Емтихандық тестілеуден кейін UNIVER АЖ-да – баллдар автоматты түрде емтихан ведомосына қойылады.

Тестілеу нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

Білім алушы ағымдағы (АБ1, МТ және АБ2) және қорытынды бақылаудан (ҚБ) оң баға алған жағдайда ғана пән бойынша қорытынды баға шығады. Қорытынды баға = $(АБ1+МТ+АБ2)/3 \times 0,6+(ҚБ \times 0,4)$ формуласы бойынша есептеледі.

Студенттердің оқу жетістіктері сандық эквиваленті бар халықаралық деңгейде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес 100 баллдық шкала бойынша (оң бағалар «А»-дан төмен қарай «D»-ға дейін (100-50 және «қанағаттанарлықсыз» – «FX» (25-49), «F» (0-24) және дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша белгіленеді. «FX» бағасы тек қорытынды емтихан үшін қойылады.

«FX» (25-49) белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәні/модулі бағдарламасын қайта өтпей, осы баға алынған аралық аттестациядан кейінгі «Incomplete» кезеңінде ақылы түрде қорытынды бақылауды қайта тапсыра алады.

«FX» қайта тапсыру кезінде «F» немесе «FX» бағасын алған жағдайда білім алушы ақылы негізде оқу пәніне/модуліне қайта жазылып, оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жоспарының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

«FX» бағасымен емтиханды қайта тапсыру ақылы негізде бір рет қана рұқсат етіледі.

Егер білім алушы «Incomplete» кезеңінде «FX» бағасын алса немесе емтихан тапсыруға келмесе, онда ақылы негізде пән бойынша оқу сабақтарының барлық түріне қайтадан қатысады, бағдарламаға сәйкес пән бойынша оқу жұмыстарының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

Бағалау шкаласы:

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

ҚОРЫТЫНДЫ ТЕСТІЛЕУГЕ ШЫҒАРЫЛАТЫН ОҚУ ТАҚЫРЫПТАРЫ**1. Мемлекет және құқық тарихының пәні мен әдісі. Мемлекет пен құқық пайда болғанға дейінгі қоғам.**

Мемлекет және құқық тарихы-дүниежүзілік тарихтың бір бөлігі. Дін және құқық. Құқықтық муралар және қазіргі заман. Мемлекет және саяси режим. Мемлекеттік идеология және құқық. Курстың пәні және міндеттері.

2. Ежелгі Шығыс елдерінде мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен даму ерекшеліктері.

Ежелгі Египет мемлекеті мен құқығының пайда болу тарихы. Ежелгі шумерлердің қала - мемлекеттері. Хаммурапи патшаның реформалары. Сот құрылымы. Хаммурапи заңдары. Варналар, касталар. Ежелгі Үндістанның мемлекеттік құрылысы. Маурьи империясы. Ману заңдары. Ежелгі Қытайда мемлекет және құқықтың пайда болу тарихы. Ежелгі Египетте және Ежелгі Вавилонда және мемлекет пен құқық пайда болуы және дамуы. Ежелгі Үндістанда және Ежелгі Қытайда мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен даму ерекшеліктері.

3. Ежелгі Грекия мемлекеті және құқығы.

Грек полисі. Афиныдағы Солонның және Клисфеннің реформалары Ежелгі Афиныдағы билік, басқару және сот органдары. Ежелгі Афины құқығы. Спартада мемлекеттің пайда болуы. Ликург реформалары. Спартаның мемлекеттік құрылысы.

4. Ежелгі Рим мемлекетінің қоғамдық және саяси құрылысы.

Патшалық кезең және С.Туллийдің реформалары. Плебейлердің жер үшін және саяси құқықтар үшін күресі. Республика кезеңіндегі Римнің мемлекеттік құрылысы. Империяның мемлекеттік құрылысы және саяси режим. Рим құқығының түсінігі, қайнар көздері. Рим құқығы бойынша меншік және мәміле. Неке - отбасылық құқық. Сот құрылымы, сот өндірісі. Юстиниан тұсында құрастырылған азаматтық құқық жинағы.

5. Рим құқығының пайда болу және даму тарихын зерттеу.

Рим құқығының түсінігі, қайнар көздері. Рим құқығы бойынша меншік және мәміле. Неке - отбасылық құқық. Сот құрылымы, сот өндірісі. Юстиниан тұсында құрастырылған азаматтық құқық жинағы.

6. Франк мемлекеті мен құқығы

Франктарда мемлекеттің пайда болуы. Хлодвиг. Меровингтер тұсындағы Франк мемлекеті. Каролингтер империясы. Карл Мартелл реформалары. Франктарда құқықтың дамуы. Салийлік правда.

7. Ертефеодалдық Орыс мемлекеті және құқығының пайда болуы және дамуы.

Ертефеодалдық Орыс мемлекеті және құқығының пайда болу және даму тарихын зерттеу Ежелгі Орыс мемлекетінің құрылуы. Киев Русінің қоғамдық және мемлекеттік құрылысы. Ежелгі Русьте мем-тің пайда болуы туралы теориялар. Киев Русінің саяси жүйесінің қалыптасуындағы православ шіркеуінің ролі.

8. Ортағасырлардағы Францияда, Англияда және Германияда мемлекет пен құқықтың даму ерекшеліктері.

Ертефеодалдық монархия. Сословиелік-өкілдік монархия. Абсолюттік монархия. Құқық Людовик IX-нің реформалары Бас Штаттар. 1357 ж. Ұлы наурыз орданансы. Англо-саксондық мемлекет пен құқықтың пайда болуы. 1066 ж. нормандық жаулап алу. Генрих II-нің реформалары. 1215 ж. Еркіндіктің Ұлы Хартиясы. Ағылшын парламентінің пайда болуы. Абсолюттік монархия және оның ерекшеліктері. Жалпы құқық және әділеттілік құқық жүйесі. Сот прецеденті. Ертефеодалдық мемлекет (XI - XII ғғ.) "Герман ұлтының қасиетті Рим империясы". Германия феодалдық бытыраңқылық кезеңінде (XIII-XIXғғ.). Княздық абсолютизмнің ерекшеліктері. Құқық.

9. Араб Халифаты және мұсылман құқығының даму ерекшеліктерін анықтау.

Араб халифатының пайда болуы. Мемлекеттік институттардың қалыптасуындағы діннің ролі. VIII-X ғғ. Халифат. Феодалды-теократиялық монархияның мемлекеттік құрылысы. Мұсылман құқығының негізгі белгілері.

10. XVII-XIX ғғ. Ұлыбритания буржуазиялық мемлекетінің және құқығының дамуы.

ХҮІІ -ғасырдың ортасындағы халықтық революция. Абсолютизмді құлату. Ұзақ парламенттің революциялық актілері. О. Кромвельдің протекторы. Стюарттар монархиясын қалпына келтіру. Конституциялық монархияның саяси және құқықтық актілері (1679 ж. Хабеас Корпус акт, 1689 ж. Құқық туралы Билль, 1701ж. құрылым туралы акт)ХІХ-ғасырдағы сайлау реформалары.

11. Англияның ХVІІ-ХVІІІ ғғ. конституциялық актілері.

Ағылшын революциясының заңдары (1628 ж. Құқық туралы петиция, 1641 ж. Ұлы ремонстрация). Кромвельдің протектораты. 1653 ж. «Басқару құралы». Монархияны қалпына келтіру. Негізгі конституциялық актілер. 1679 ж. Хабеас корпус акт. «Даңқты революция» 1689 ж. «Құқық туралы билль», 1701 ж. «Тақ мұрагерлігі туралы акт».

12. АҚШ-тың және Францияның ХVІІІ ғ. маңызды буржуазиялық актілері.

1787 ж. Конституцияның жалпы сипаттамасы және оның негізгі қағидалары (принциптері). 2. Конституция бойынша билікті бөлу жүйесі және оның ерекшеліктері. 1791 ж. Құқық туралы билль. 1789ж. Адам және азамат құқықтарының декларациясы. 1791 ж. Конституция. 1793 ж. Конституция.

13. ХVІІІ-ХІХ ғғ. АҚШ мемлекетінің және құқығының дамуы.

Солтүстік Америкадағы ағылшын отарлары және оны басқару жүйесі. Тәуелсіздік үшін соғыс. 1776 ж. Тәуелсіздік декларациясы. Америка штаттарының конфедеративтік одағының құрылуы. 1781 ж. Конфедерация баптары. 1787 ж. Конституцияның жалпы сипаттамасы және оның негізгі қағидалары. 1787 ж. Конституция бойынша АҚШ-тың мемлекеттік құрылысы. Конституцияға Алғашқы 10 түзету

14. ХVІІІ-ХІХ ғғ. Франция мемлекетінің және құқығының дамуы.

Буржуазиялық революциясының себептері және саяси алғышарттары революцияның басталуы. 1789ж. Адам және азамат құқықтарының декларациясы. 1791 ж. Конституция. Республиканы жариялау. 1793 ж. Конституция Якобиндік диктатура. Директория. Консулдық және империя. Бурбондар монархиясын қалпына келтіру. Екінші республика. 1848 ж. Конституция. Екінші империя. Үшінші республиканың конституциялық заңдары.

15. Жаңа заманда құқықтың дамуы.

Құқықтық жүйенің қалыптасуы және оның дамуы. Құқық қайнар көздерінің жүйесі. 1804 ж. Француз азаматтық кодексі. 1810 ж. Француз қылмыстық кодексі. Германияда буржуазиялық құқықтың қалыптасуы және дамуының ерекшеліктері. Азаматтық және сауда құқығының дамуы. 1900 ж. Азаматтық кодекс. Қылмыстық және қылмыстық процессуалдық құқықтың

дамуы. 1871 ж. қылмыстық заңдар жинағы және оған өзгерістер енгізу. Еңбек туралы заңдардың дамуы.

16. XIX-XX ғғ. Германия мемлекетінің және құқығының дамуы.

XIX ғ бас кезінде Германиядағы гегемония үшін күрес. 1848 ж. революция және оның герман мемлекеттерінің дамуына тигізген әсері. 1849 ж. Франкфурттық конституция. 1850ж. Пруссияның конституциясы. Германияның бірігуі және 1871 ж. Конституция

17. XIX-XX ғғ. Қытай және Жапония мемлекетінің және құқығының даму тарихын зерделеу

Мэйдзи революциясы. XIX ғасырдың 70-80 ж.ж. Жапониядағы буржуазиялық реформалар. Жапонияның 1889 ж. Конституциясы және формасы жағынан конституциялық, ал мазмұны жағынан абсолюттік монархияны орнықтыру. Жапонияның 1947 ж. Конституциясы Қытайдағы 1911 жылғы революция. Маньчжур әулетін (династиясын) құлату және республиканы жариялау. Қытай. ҚХР-ың құрылуы. 1949 ж. уақытша конституциялық заңдар. 1954 ж. Конституция.

18. XX ғ. Батыс Европа мемлекеттері.

Ұлыбританияда партиялық жүйенің дамуы. Сайлау реформалары. Франциядағы Төртінші және Бесінші Республикалар. Германиядағы фашистік диктатура. Италияның бірігуі. Фашистік диктатура.

19. Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы және дамуы.

Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы және дамуы. Ежелгі ғұн империясы. Үйсін және қаңлы мемлекеттері. Ежелгі түрік қағанаты және оның құқықтық жүйесі. Оғыз мемлекеті. Қарахан мемлекеті. Қимақ қағанаты мен қыпшақ хандығы. Найман және керей ұлыстары

20. Монғол шапқыншылығы дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы мемлекет және құқықтың даму ерекшеліктерін талдау.

Монғолдардың қоғамдық құрылысы. Шыңғысханның реформалары. Қоғамдық-саяси құрылысы. Әкімшілік құрылысы. Салық және төлем жүйесі. Шыңғысханның «Жасағы». Моңол империясының құлауының себептері. Алтын орда, Ақ орда және Көк орда. Көшпелі өзбек мемлекеті (Әбілхайыр хандығы). Қазақ хандығының құрылуы және дамуы. Қазақ хандығының қоғамдық және саяси құрылысын талдап, зерделеу.

21. XV-XVIII ғғ. қазақ әдет-ғұрып құқығы.

XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың әдет-ғұрып құқығының дамуы. Қазақ әдет-ғұрып заңдарының ерекшеліктері, қайнар көздері. Қазақтың әдет-ғұрып құқығының нормалары. Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша мүліктік қатынастарды реттеу. Қазақ әдет-ғұрыптық міндеттемелік құқығы. Қазақ әдет

ғұрып құқығындағы қылмыс пен жаза жүйесі. Сот және сот процесі. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер сотын және сот процесін талдап, зерделеу. Қазақстанның Ресейге қосылуының мемлекеттік-құқықтық шарттары.

22. Қазақстан Ресей империясының құрамында.

Қазақстанның Ресейге қосылуының мемлекеттік-құқықтық шарттары. Қазақстан Ресей империясының құрамында. Қазақстанның Ресей қоластына өтуі және оның себеп-салдары. Қазақстан Ресей империясының құрамында. Абылай ханның реформалары. ХІХ ғ. 20-40 жж. реформалары бойынша Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылысындағы өзгерістер. 1822-ші жылғы Сібір қырғыздары туралы жарғы. ХІХ ғ. 60-90жж. реформалары бойынша Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылысындағы өзгерістер. 1867-1868, 1886 және 1891 жылдардағы реформалар.

23. Қазақстанның Кеңес билігі дәуіріндегі мемлекеті және құқығы.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы. Қазақ АКСР-нің құрылуы. Қазақстанның 30-90-шы жылдар аралығындағы саяси-құқықтық дамуы. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуы. Қазақ КСР-нің егемендігі туралы Декларация. ХХ ғасырдың 30-90-шы ж.ж. Қазақстандағы әкімшілік-құқықтық жүйенің ерекшеліктері.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.
2. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран: Избранные памятники права. Древность и Средневековье: Учебное пособие. – М.: Норма, 2018. – 528 с.
3. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран в 2-х томах. Т.2. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 720 с.
4. Маймақов Ғ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. – 237 б.
5. Исабеков А.Қ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Алматы: «Қазақ Университеті», 2015. – 262 б.